

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы



**МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта
этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері
бойынша хаттар мен өтініштерді қарау, БАҚ пен
әлеуметтік желілерді бақылау**

(педагогикалық әдеп кеңесі)

Кеңес төрағасы: Овезова К.А

2024-2025 ЖЫЛ

МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау

3-тарау. Педагогикалық этиканың негізгі нормалары

7. Қызметтік және қызметтік емес уақытта педагогтар:

- 1) педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын сақтайды;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеуге, ата-аналарға, этномәдени құндылықтарға құрметпен қарауға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға ықпал етеді;
- 3) білім алушыларға Қазақстан Республикасының Отанына құрметпен қарауды сіңіреді, патриотизм рухын оятады.
- 4) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермейді;
- 5) өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды;
- 6) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өзін-өзі тәрбиелеумен және өзін-өзі жетілдірумен белсенді айналысады;
- 7) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтайды;
- 8) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
- 9) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде шаралар қабылдайды, өзінің жеке мінез-құлқымен адалдықтың, бейтараптық пен әділдіктің үлгісін береді;
- 10) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
- 11) ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға жеке мысалмен ықпал етеді;
- 12) өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімдегі іскерлік стильді ұстанады;
- 13) өз педагог мәртебесін пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдаланудан аулақ болады;
- 14) өз қызметінде Академиялық адалдық қағидаттарын мүлтіксіз сақтайды, оның ішінде академиялық ортадағы адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету, педагогтің академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде өзінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне құрмет көрсетуі, білім беру процесіне қатысушыларды академиялық адалдықтың жоғары стандарттарын ілгерілетуге және қорғауға көтермелеуі және ынталандыруы. педагогтің пәннің нақты саясатын, білім алушылардан күтілетін талаптарды айқындауы, білім алушылардың жауапкершілігін қамтамасыз ету және олардың академиялық адалдық қағидаттары мен стандарттарын бұзғаны үшін қолданыстағы шараларды қабылдау, білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық адалдықты көрсетуге мүмкіндік бермейтін академиялық орта құру;
- 15) бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-басылымдарда материалдар жариялайды, жеке тұлға ретінде өз атынан ғана жария сөйлейді, бұл ретте пікірталас жүргізуді дұрыс нысанда қамтамасыз етеді, сындарлы емес сын мен этикаға жат сөздерден қалыс қалады, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты жария етпейді, қоғамдағы педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмейді;
- 16) білім беру ұйымы атынан көпшілік алдында сөйлеген сөздерін, БАҚ жарияланымдарын осы ұйымның басшысымен келіседі;
- 17) әлеуметтік желілерде тексерілмеген және (немесе) дұрыс емес және (немесе) этикалық

емес ақпаратты таратпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағын нығайтуға ықпал етеді;
18) Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға ықпал етеді;
19) білім алушы мен тәрбиеленушінің табыстарының (сәтсіздіктерінің), оның әлеуметтік жағдайының, ата-анасының (заңды өкілдерінің) жұмыс орнының құпиялылығын қамтамасыз етеді және осы мәліметтер кәмелетке толмаған білім алушының және (немесе) тәрбиеленушінің ата-анасының (заңды өкілдерінің) жазбаша келісімімен не кәмелетке толған білім алушының және (немесе) тәрбиеленушінің жазбаша келісімімен ғана жария етіледі.

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы бойынша қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері анықталған жоқ. Барлық педагогтар педагогикалық әдеп нормаларын тиісті дәрежеде сақтайды. БАҚ пен әлеуметтік желілер бойынша да әдеп бұзу фактілері анықталған жоқ.

